

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

**«Қазақстан Республикасының дипломатиялық және
оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы
4 ақпандағы № 1287 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпандағы № 1287 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 5, 67-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Өкілдік негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін:

1) қазақстандық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың (бұдан әрі – мемлекеттік ұйымдар) өкілдіктері (өкілдері) мен филиалдарының және олардың қызметкерлерінің орналасқан мемлекетіндегі қызметін үйлестіруге;

2) орналасқан мемлекетіндегі мемлекеттік ұйымдардан толық ақпарат беруді және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын қызметті келісуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі орналасқан мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының бас консулдықтарының, консулдықтарының, вице-консулдықтарының, консулдық агенттіктерінің, құрметті консулдықтарының және өзі аккредиттелген мемлекеттерде ашылған Қазақстан Республикасының дипломатиялық

миссияларының қызметіне басшылықты, сондай-ақ орналасқан мемлекетіндегі мемлекеттік ұйымдардың қызметін үйлестіруді және олардың жұмысын бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік ұйымдардың басшылары:

1) өзінің қызметін өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен келісуге, өкілдіктің басшысына оның өкілеттіктерін жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге, өзінің қызметі туралы оған ақпарат беруге міндетті;

2) өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен жұмыс жоспарларын келіседі, сондай-ақ өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен келісілген мерзімдерде олардың орындалуы туралы есептер береді.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2013 жылғы 6 наурыз

№ 518

